



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



**ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ  
КҮТУЛЕР  
АҚПАН 2026**

2026 жылғы ақпанда қысқа мерзімді инфляциялық күтулер төмендеп, 13,7%-ды құрады. Бес жылдық кезеңде инфляциялық күтулер 14,6%-ды құрады.

### Халықтың инфляциялық күтулері


2026 жылғы ақпанда алдағы 12 айлық кезеңде күтілетін инфляцияның медианалық мәні<sup>1</sup> төмендеп, 13,7%-ды құрады (2026 жылғы қаңтар – 14,2%) (1-график). Бұл ретте үш айда реттелген көрсеткіш алдыңғы ай деңгейінде қалып, 14,2% құрады. Жауаптар құрылымында респонденттердің жартысынан көбі инфляцияны бір жыл бұрын анықтау қиынға соғады.

2026 жылғы ақпанда бес жыл кезеңде күтілетін инфляцияның медианалық бағасы 14,6%-ды құрады (2026 жылғы қаңтарда – 13,8%). Соңғы үш айдағы көрсеткіштің орташа мәні 14,2%-ды құрады.

2026 жылғы ақпанда респонденттер баға өсуінің басты

факторлары деп азық-түлік, коммуналдық қызметтер, бензин мен дизель отыны бағасының өзгеруін атады (2-график). Келешекте баға өсуінің факторы ретінде ҚҚС-ның артуын атаған респонденттер үлесі ұлғайды. Теңгенің номиналды айырбастау бағамы нығаюы аясында бағам факторының біртіндеп қысқаруы жалғасуда.

1-график. Респонденттердің инфляциялық күтулері, %




Дереккөзі: Халыққа жүргізілген пікіртерім нәтижелері, FusionLab

2-график. Алдағы баға өсіміне әсер ететін факторлар



Дереккөзі: Халыққа жүргізілген пікіртерім нәтижелері, FusionLab

3-график. Респонденттерге сезілген (өткен 12 айдағы) инфляция және нақты инфляция, %



Дереккөзі: Халыққа жүргізілген пікіртерін нәтижелері, FusionLab, ҚР СЖРА ҰСБ


Соңғы 12 айда сезілген инфляцияның медианалық бағасы 2026 жылғы ақпанда 12,5%-ды (2026 жылғы қаңтар – 12,1%) құрап, реттелген үш айлық көрсеткіш деңгейінде қалыптасты (3-график).

2026 жылғы ақпанда азық-түлік бағасының өскенін атап көрсеткен респонденттердің үлесі 79%-ды (2026 жылғы қаңтарда – 81,7%) құрады. Ал, осы уақытта азық-түлік емес тауарлар бағасының өскенін атап көрсеткен респонденттердің үлесі 10,7% (8,4%), ақылы қызметтер 7,6% (6,3%) болды.


2026 жылғы ақпан айында респонденттер ең алдымен ет өнімдері, жемістер мен көкөністер, сүт және сүт өнімдері бағасының өскенін атап өтті.

Азық-түлік емес тауарлар қатарында дәрі-дәрмек пен медициналық препараттар, тұрмыстық химия, киім мен аяқ киімнің қымбаттағаны аталды. Ақылы қызметтер арасында тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, интернет пен ұялы байланыс, сондай-ақ медициналық қызметтер бағасының өсуі басым болды (4-график).

4-график. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері  
Азық-түлік тауарлары



## Азық-түлік емес тауарлар мен қызметтер



Дереккөзі: Халыққа жүргізілген пікіртерім нәтижелері, FusionLab

\* Сұрақ 2018 жылғы наурыздан бері қойылып келеді. Салыстыра талдау жүргізу үшін орташа мән 2021 жылға дейінгі деректер негізінде есептелді, өйткені одан кейінгі кезеңдерде инфляция деңгейі айтарлықтай жоғары болды.

**ЕСКЕРТПЕ**

<sup>1</sup> 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ. Себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті. Бұл іріктеудің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді.

Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: «Сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті?». Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: «Сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?».

2025 жылғы қаңтардан бастап күтілетін және сезілетін инфляцияның медианалық бағаларын есептеу кезінде 2-4 п.т. аралықтар пайдаланылады, оған дейін – 4 п.т.